

«Келісемін»

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

_____ **М.Батырбеков**

_____ **2021 жыл**

«Бекітемін»

Мектеп директоры

_____ **Ж. Жансеитова**

_____ **2021жыл**

**«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологының
2021-2022 оқу жылында жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары**

Мақсаты:

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау. Орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- 1) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- 3) әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке басы психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) Психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (зандыөкілдерге) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Бағыттары:

1. Психодиагностика
2. Кеңес беру жұмысы.
3. Ағартушылық және психопрофилактикалық қызметі.
4. Дамыту жән етүзету жұмыстары.
5. Әлеуметтік-диспетчерлік жұмыс.

№	Іс-шаралар	Жұмыс трлері	Нысаналы топ	Орындалу мерзімі	Ескерту	Есептілік нысанасы
І. Психодиагностикалық бағыт						
1	Бейімделу процестерін зерттеу	Сауалнама, бақылау, сабаққа қатысу.	5 сыныптар	Қыркүйек-қазан		Анықтама Сабаққа қатысу парағы
2	«Бес терек» жобасы аясында «Кабинеттік талдау» жұмыстарын жүргізу	Оқушылар жайлы мәлімет жинақтау,	5-11 сыныптар	Қыркүйек		Сандық мәлімет тапсыру
3	1-сынып оқушыларының жеке ерекшеліктерін зерттеу	бақылаулар, әңгімелер, ойындар	1-сынып	қазан		Анықтама, хаттама
4	1-сынып оқушыларының мектепте оқытуға даярлығын анықтау	Керн Йрасик тесті	1-сынып	қазан		Анықтама
5	Оқушылардың жекелік психологиялық қасиеттерін зерттеу	Темперамент типін анықтау тесті	5-11 сыныптар	қараша		
6	Жеке тұлғаның кәсіби түрін, кәсіби саласын, мамандық таңдауға дайындығын анықтау	Тест сауалнама	9, 11 сыныптар	қазан		Анықтама
7	Дарынды балаларды анықтау және психологиялық зерттеу	Тест, сауалнама	1-11 сыныптар	Жыл бойы		Анықтама
8	Девиантты оқушыларды анықтау және психологиялық зерттеу	Тест сауалнама	1-11 сыныптар	Жыл бойы		Анықтама
9	Мектеп ұжымымен психодиагностикалық жұмыс	Тест, сауалнама	Мұғалімдер	Жыл бойы		Анықтама
10	Ата аналармен психодиагностикалық жұмыс	Тест, сауалнама	Ата-ана	Жыл бойы		Анықтама
11	Сыныптың әлеуметтік		5-11	сұраныс		Бақылау

	құрылымын бақылау	социометрия әдістемесі	сыныптар	бойынша		парағы Анықтама
12	Үлгерімі төмен оқушылар тұлғасының танымдық сферасын зерттеу	Сауалнама	Оқушылар	Сұраныс бойынша жыл бойы		Анықтама
II. Психологиялық түзету-дамыту бағыты						
1	Бейімделу кезеңін жеңу үшін оқушылар мен жеке түзету – дамыту жұмыстары.	Тренинг, жаттығулар	1,5,10	Қыркүйек қазан		Хаттама
2	«Бес терек» жобасы аясында «Далалық зерттеу» жұмыстарын жүргізу	«Менің отбасым!» (5-7 сынып) «Менің ең жақын досым!» (8-9 сынып) «Менің арманым!» (10-11 сынып)	5-11 сыныптар	қазан		Сандық мәлімет тапсыру
3	Д-есебінде тұратын, үйде оқитын оқушыларға психологиялық қолдау көрсету	Ойындар, жаттығулар	Д-есебіндегі оқушылар, үйде оқитын оқушылар	Жыл бойы		Хаттама
4	1-сынып оқушыларының ата-аналарына түзету-дамыту жұмысы	Тренинг «Балада агрессияның көрінуі»	Ата-аналар	Қараша		Хаттама
5	Сыныптағы достық атмосфера	Тренинг	Жеке жоспарға сәйкес	Ай сайын		Хаттама
6	Кәсіптік бағдарлау мәселесі бойынша психологиялық түзету-дамыту жұмыстары	«Менің болашақ мамандығым», «Мамандық өмір таңдауы»	9-11	Жыл бойы		Хаттама

7	Мұғалімдерге психологиялық қолдау көрсету	«Бірлігі жарасқан ұжым»,»Мектеп – білім тірегі, Ұстаз-оның жүрегі»	Сұраныс бойынша	Жыл бойы		Хаттама
8	Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту	тренинг	Сұраныс бойынша оқушылар	сәуір		Хаттама
III. Профилактика және психологиялық ағарту бағыты						
1	Бастауыш сынып мұғалімдеріне баланың мектептегі оқуға бейімділігі мәселесінің теориялық негіздері туралы білім беру	«1-ші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» дәріс	1-ші сынып жетекшілері	Қыркүйек қазан		Хаттама
2	Балада агрессияның көрінуі	Семинар-тренинг	Ата-аналар	қараша		Хаттама
3	Қыз балалармен жұмыс	«Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында қыздар жиналысы. «Иманды қыз-аяулы ана»	5-11 сынып қыз балалар	Жыл бойы		Хаттама
4	Ұл балалармен жұмыс	«Ұл тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» ұлдар жиналысы	5-11 сынып ұл балалар	Жыл бойы		Хаттама
5	«Буллинг және оның алдын алу жолдары» тақырыбында ата-аналар жиналысында баяндама оқу	баяндама	Ата-аналар	қараша		Хаттама
6	Зиянды әдеттерге әуес болудың алдын алу,болдырмау бойынша жұмыстар	«Зиянды әдет-қоғамдық дерт» видео ролик	5-11 сынып	желтоқсан		Хаттама

7	Аутодеструктивтімінез-құлыққа бейім оқушылардың "тәуекел тобындағы" оқушылармен жұмыс	«Өмір мен саған құштармын» «Өз өмірім өзіме құнды» «Өмір-қымбатсың маған» тренингтер	9-11 сыныптар	Жыл бойы		Хаттама
8	ҰБТ-ға дайындық кезіндегі бітірушілердің қобалжуының алдын алу	тренинг	11 -сынып	Жыл бойы		Хаттама
9	Жас мамандармен жұмыс	«Бүгінгі жас маман-ертеңгі ел тірегі», «Өмірге жеңіл қадам бас!» ағарту тренинг	Жас мамандар	Қараша ақпан		Хаттама
IV. Психологиялық кеңес беру бағыты						
1	Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер арасында туындаған проблемалары бойынша топтық және жеке кеңес беру	Топтық және жеке кеңестер беру	Оқушы, ата-ана, мұғалім	Сұраныс бойынша жыл бойы		Кеңес журналы
2	Олимпиадаларға дайындық, ғылыми жобаларды, форумдарды, конкурстарды қорғау процесінде дарынды оқушыларға кеңес беру.	Кеңес беру	5-11 сынып	Жыл бойы		Кеңес журналы
V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс						
1	Мектепшілік, қолайсыз отбасы есебінде тұрған оқушылардың деректер базасын құру	Тізім жасау	1-11	Қыркүйек		Тізім
2	Дамуында патологиялық ауытқуы бар балаларды дәрігер – мамандарға көрсету, құжаттарды дайындау,	МПК	оқушылар	Қажетіне қарай		МПК Дамуында патологиялық ауытқуы бар

	мінездеме жасау.					балаларды дәрігер – мамандарға көрсету, құжаттарды дайындау, мінездеме
2	Басқа мектептердің педагог-психологтарымен, психологиялық орталықтарымен, білім берудің әдістемелік және тәрбие бөлімдерімен, өзара әрекеттесу	Бірлескен жұмыс	психолог	Жыл бойы		Тәжірибе алмасу
4	Әскер қатарына шақырылушы оқушыларға тиісті сауалнамалар жүргізіп, нәтижелері бойынша мінездеме	Сауалнамалар жүргізу Құжаттар дайындау	Әскер қатарына шақырылушы оқушылар	Қаңтар		Мінездеме
	«Тау самалы» және басқа да сауықтыру орталықтырына баратын оқушыларға мінездеме жасау.	Сауықтыру орталығы	Сауықтыру орталығына баратын оқушылар	Қажетіне қарай		Мінездеме
VI. Жылбойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер						

Жоспарды дайындаған педагог-психологтар:

Б.Мамашова

М.Махимова

Түркістан облысы

Қазығұрт ауданы

**«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін
мектебінің педагог-психологының**

I - жарты жылдық есебі.

2021-2022 оқу жылы

Педагог-психолог:

Мамашова Б.Е.

Махимова М.Қ.

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологтарының 2021-2022 оқу жылының І – жарты жылдықта атқарған жұмыстары жайлы есебі

Оқушылардың психофизиологиялық денсаулығын, дамуын есепке алып, жеке тұлғаның ерекшелігін жан-жақты зерттеп, жан дүниесін дамыту, педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынастарын жақсарту, психологиялық - педагогикалық біліктілік дағдысын қалыптастыру мақсатында 2021-2022 оқу жылындағы жоспарға сәйкес психодиагностика, психологиялық түзету, дамыту, психологиялық ағарту, психологиялық кеңес жалпы сыныптар аралығында, оқушыларға, педагогтар мен ата-аналарға атқарылатын жұмыстың бағыттары бойынша психологиялық жұмыстар атқарылды. Жоғарыдағы мақсаттарды орындау барысында жоспар бойынша жүргізілген жұмыстар: 2021-2022 оқу жылындағы 5-11 сынып оқушыларының арасында жүргізілген жұмыстардың статистикалық есебі.

Бала саны –1095

Оның ішінде:

1 (а, ә, б, в, г)-98	6 (а, ә, б, в)- 77
2 (а, ә, б, в, г)-106	7 (а, ә, б, в)- 89
3 (а, ә, б, в, г, ғ, д)-144	8 (а, ә, б, в)- 89
4 (а, ә, б, в, г)-113	9 (а, ә, б) – 74
5 (а, ә, б, в)- 95	10 (а, ә, б)- 61
11 (а, ә, б)- 58	

2. Жүргізілген жұмыстың сандық көрсеткіштері.

к/с	Жұмыстардың мазмұны	Оқушылар саны	Ата-аналар саны	Ұстаздар саны	Басқа о.ор пси-р саны
1	Жеке –дара берілген кеңестер саны	51	12	10	-
2	Жеке- дара жүргізілген зерттеу жұмысының саны	49	10	6	-
3	Топтық берілген кеңестер саны	2	2 (ата-аналар жиналысы)	2	-
4	Топтық жүргізілген зерттеу жұмыстарының саны	6	-	-	-
5	Консилумдар саны	1	-	-	-
6	Семинарлар аны	-	-	-	1
7	Ашық сабақтар мен тәрбие сағаттар саны	1	1	1	-


3.Жоспар бойынша 2021-2022 оқу жылының I – жарты жылдығында 5-11 сынып оқушыларына,ата-аналарға ,ұстаздарға жүргізілген жұмыстардың аналитикалық есебі:

Қыркүйек айы.

Қыркүйек айында 1 және 11 сынып оқушылары туралы мәліметтер жинақталып, жаңартылды. «Бестерек» жобасы бойынша мектепшілік есепте тұрған оқушылар мен «Тәуекел тобындағы» оқушылар тізімімен танысу және психологиялық-педагогикалық анықтау жұмыстары жүргізілді. ІІБ –де есепте тұратын отбасылардағы балалар тізімі жинақталды. Д-есебінде тұратын оқушылардың мәліметтері жинақталды. 1-ші сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді. Мінезінде ауытқушылығы бар оқушылар анықталып 28.09.2021 күні «Өмір мен саған құштармын» тақырыбында тренинг сабағы жүргізілді.

5-ші сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау мақсатында жүргізілген әдістемелердің анықтамасы:

- **Қолданылған әдістер:** Лусканованың «Мектепке бейімделу деңгейі» әдістемесі, Кондаштың «Қобалжу шкаласы» әдістемесі
- **Мақсаты:** 5-ші сынып оқушыларының бастауыш мектебінен орта буынға бейімделуін, мектептік, өзіндік бағасына байланысты, тұлға аралық қобалжу деңгейін анықтау;
- **Шыққан көрсеткіштері, қорытындысы:**
Оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға бейімделу (Лусканова әдістемесі) деңгейінің мониторингі:




Қорытынды: Жүргізілген диагностика нәтижесі бойынша оқушылардың бастауыш мектептен орта буынға бейімделудің жоғары деңгейі-3,4%, бейімделудің жақсы деңгейі-38%, мектепке көзқарасы оң, бірақ мектептен тыс іс-шаралармен қызықтырады-39,1%, бейімделуі төмен-17%, дезадаптация-2,5% құрады.


Ұсыныс: Сынып жетекшілеріне оқушылардың оқу міндетін игеруіне ерекше назар аудару, сыныптағы тұлға аралық қарым-қатынасқа, көшбасшыларды,

қабылданбаған балаларға назар аудару, сыныптың ауызбіршілігін дамытатын топтық жұмыстар мен жаттығуларды жиі ұйымдастырып, өткізіп тұру.


5-ші сынып оқушыларының Мектептік қобалжу (Кондаш әдістемесі) деңгейінің мониторингі:



Оқушылардың өзіндік бағасына байланысты қобалжу (Кондаштың әдістемесі) деңгейінің мониторингі:



5-ші сынып оқушыларының тұлға аралық қобалжу (Кондаш әдістемесі) деңгейінің мониторингі:



Қорытынды: Жүргізілген диагностика нәтижесі бойынша оқушылардың мектептік қобалжуының жоғары деңгейі-1,3%, өзіндік бағасына байланысты қобалжу деңгейі-0,8%, тұлға аралық қобалжу деңгейі-0,4% көрсеткішті көрсетті.

Ұсыныс: Сынып жетекшілеріне ұсынады: төмен баға алғаны үшін оқушыны жазаламау, жиі мадақтау, өзіндік бағалай білу қабілетінің жоғарылауына ықпал ету, өзінің іс әрекетін бақылауға үйретіп, шамадан тыс талап етпеу, оқушыны өз есімімен атау және әрдайым қолдау көрсету.

Оқушыларымен диагностика жасау барысында



«Бестерек» жобасы бойынша «Кабинеттік талдау» жұмыстарының жиынтық кестесі:

к/с	Әлеуметтік есепте тұратын оқушылар саны	Мектеп инспекторында есепте тұратын оқушылар саны	Медбикелерде есепте тұратын оқушылар саны	Сынып жетекшіде есепте тұратын оқшылар саны
1	56	5	29	22
	Жасыл деңгей	Сары деңгей	Қызыл деңгей	Ескерту
2	59	14	5	

- Психологиялық түзету-дамыту бағыты бойынша бейімделу кезеңін жеңу үшін оқушылармен дамыту сабақтары ұйымдастырылды. Дамыту сабақтарының тақырыбы төмендегідей;**
- «5-ші сынып дегеніміз не?»
 - «Өзінді таны»
 - «Орта мектептегі жаңа оқушы»
 - «Біз бір-бірімізді түсінеміз бе?»
 - «Сезім әлемі»
 - «Біздің мұғалімдеріміз»
 - «Дос іздеп жүрмін»
 - «Біз және біздің сынып»

5-ші сынып оқушыларымен психологиялық түзету – дамыту тренинг сабақ
барысынан көрініс:



Педагог-психолог кабинеті




Қазан айы

1-ші сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау мақсатында жүргізілген әдістемелердің анықтамасы:


- **Қолданылған әдістер:** Керн-Йирасек тесті, «Мектептегі оқуға қабілетін зерттеу» әдістемесі (Г.Вицлак)
- **Мақсаты:** балалардың мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау
- **Шыққан көрсеткіштері, қорытындысы:**

Оқушының өзіндік бағалауының мониторингі:



Қорытынды: Жүргізілген диагностика нәтижесі бойынша оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейі қалыпты-84%, жоғары-4%, төмен-7%, эгоцентризм-5% көрсетті.

Ұсыныс: Сынып жетекшілеріне оқушылардың өзін-өзі бағалауын қалыптастыру мақсатында жеке тұлға ретіндегі дамуы, бейімделуі, өзіндік көзарасының қалыптасуы, ой өрісінің кеңейюіне топтық жұмыстар мен жаттығуларды жиі ұйымдастыры, өткізіп тұру. **1-ші сынып оқушыларының Мектепке дайындығының (бейімделуі) мониторингі:**




Қорытынды: Жүргізілген диагностика нәтижесі бойынша жалпы 1-ші сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейі ортадан жоғары-100% көрсеткішті көрсетті.

Ұсыныс: Сынып жетекшілеріне мектепке бейімделуі төмен оқушыларға ерекше зейін аударып, оларда оқуға деген жағымды қатынас орнатуда жұмыстар тиімді

ұйымдастырылып, 1-ші сынып оқушыларының есте сақтау қабілетін, ойлау деңгейін, логикалық ойлау қабілетін, тілдік проблемаларын, ой-өрістерін және өз бетінше іздену қабілеттерін дамытуда жұмыстар жүргізу.

Оқушылардың оқу мотивациясының мониторингі:



Қорытынды: Жүргізілген диагностика нәтижесі бойынша жалпы 1-ші сынып оқушылары оқу мотивациясы жоғары деңгей-22,7%, орта деңгей-63,3%, төмен деңгей-14% көрсеткішті көрсетті.

Ұсыныс: Сынып жетекшілеріне оқушылардың оқу мотивациясын жоғарылату мақсатында оқушылардың зейіні, ақыл-ойын дамытатын топтық жұмыстар мен жаттығуларды жиі ұйымдастырып, өткізіп тұру.

Жоспар бойынша қазан айында бітіруші сынып оқушыларына мамандық таңдауға байланысты бірнеше анкеталық сауалнамалар жүргізіліп, тесттер алынды.


- **Қолданылған әдістер:** Е.А Климовтың «Дифференциалды- диагностикалық сауалнама» әдістемесі.

- **Мақсаты:** Оқушылардың қай мамандық саласына бейім екенін анықтау.

-**Шыққан көрсеткіштері, қорытындысы:**

к/с	Сыныптар	Көрсеткіштер				
		Адам-табиғат (АТ)	Адам-техника (Т)	Адам-адам (А)	Адам-таңбалар жүйесі (ТЖ)	Адам-көркем бейне (КБ)
1	9 «А»	33,3%	16,7%	29,2%	8,3%	12,5%
2	9 «Ә»	18,2%	22,7%	31,8%	13,6%	13,6%
3	9 «Б»	13,6%	4,5%	36,4%	22,7%	22,7%
4	11 «А»	12%	12%	42%	12%	12%
5	11 «Ә»	8%	16%	44%	20%	12%

6	11 «Б»	8,3%	25%	37,5%	16,7%	8,3%
---	--------	------	-----	-------	-------	------



Қорытынды: Сыныптың көбісі «Адам» саласындағы жұмыс түрлеріне бейім, яғни олар басқа адамдармен тез тіл табысып, қарым-қатынас жасаудың стильдерін біледі. Егер жүргізілген зерттеулердің қорытындысына сүйене отырып, сол мамандықтың иесі болса, онда нәтижелі жұмысқа жетіп, карьерасын көтере алады.

Ұсыныс: Сынып жетекшілері оқушыларға бағыт беру мақсатында қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтарды алға тарта отырып, ағарту жұмыстарын жүргізу.

- Қорытынды нәтижені ескере отырып ата-аналармен тығыз байланыс жасау арқылы оқушыларға қажетті және дұрыс мамандық таңдай білуге көмектесу жолдарын ұсыныс ретінде жеткізу.


- Әлі күнге белгілі-бір тоқтамға келмеген оқушылармен ата-аналарына ескерте отырып, қажетті көмек көрсету.

–Жоспарға сәйкес ұжымдағы ұстаздарға «Өзіңіздің кәсіби қызметіңізді ұнатасыз ба! сауалнамасы жүргізілді.

Мақсаты: Тұлғаның өз қызметіне деген көзқарасын бағалау.

Шыққан көрсеткіштер, қорытындысы:

к/с	13-15 балл	8-12 балл	5-7 балл
Саны	31	23	38
%	33,7	25	41,3



Нәтижесін талдау:

13-15 балл. Сіз қызметіңізді қанша жақсы көргеніңізбен сіз үшін отбасы бірінші орында тұрады. Әріптестеріңізбен серуенге шығу немесе қызметтеспен ашыналық қатынаста болу туралы еш уақытта ойламағасыз. Құтықтаймыз! Дегенмен, кей кезде бос уақытыңызды қызметтестеріңіздің ортасында көңілді өткізгенге не жетсін!

8-12 балл. Сіз өзіңізге бағытталғансыз және тек қана өзіңіздің қамыңызды ойлайсыз. Егер сіз өзіңізді "Жердің кіндігімін" деп есептесеңіз, сізді әріптестеріңіз "Бұртылған түйеқұс" деп есептейді. Сондықтан сізді туған күніңізбен, немесе мерекемен ешкім құттықтамаса, оған таң қалмаңыз.

5-7 балл. Сіздің негізгі ұстанымыңыз: "Жұмыс-мерекеге барғандай.. Ал мереке күндері жұмыс істеуге болмайды". Сіз үшін ең басты мәселе-әріптестеріңізбен жайбарақат қарым-қатынас жасау. Бір ескерту, айлықты не үшін төлейтінін ұмытпаңыз.

Психологиялық түзету-дамыту бағыты бойынша 1-ші сынып оқушыларының бейімделу кезеңін жеңу үшін дамыту сабақтары ұйымдастырылды.

Дамыту сабақтарының тақырыбы төмендегідей;

- «Кел танысайық!»
- «Алақай оқушымын!»
- «Мектеп өмірінің ережесі»
- «Мектепке не үшін барамыз?»
- «Менің досым-мектеп портфелі»
- «Мені жақынырақ таны»
- «Біз бірге жұмыс істеуге үйренеміз»
- «Біздің сынып-бұл біз!»
- «Мектептегі көңіл-күй»
- «Бірінші сынып оқушысы болу-қандай керемет!»

«Бестерек» жобасы бойынша «Далалаық зерттеу» жұмыстарының жиынтық кестесі:

к/с	Эссе: «Менің отбасым!» (5-7 сыныптар)		Эссе: «Менің ең жақын досым!» (8-9 сыныптар)		Эссе: «Менің арманым!» (10-11 сыныптар)		Сауалнама (5-11 сыныптар)		«Адам.Ағаш.Үй» әдістемесі (5-11 сыныптар)	
	позитив ті	негатив ті	позитив ті	негатив ті	негатив ті	негатив ті	позитив ті	негатив ті	позитив ті	негатив ті
1	258/98,5	4/1,5%	157/96,3	6/3,7	114/95,8	5/4,2	496/91,2	48/8,8	79/66,4	40/33,6
	Жасыл деңгей		Сары деңгей		Қызыл деңгей		Ескерту			
2	88		20		5		113 бала			

**«Бестерек» жобасы бойынша «Далалық зеттеу» жұмыстарын
жасау барысынан көрініс**



-Профилактика және психологиялық ағарту бойынша жұмыстар жоспар бойынша жүргізілді; 1-ші сынып жетекшілерімен «1-ші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» тақырыбында ағарту жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: Бастауыш сынып мұғалімдеріне баланың мектептегі оқуға бейімділігі мәселесінің теориялық негіздері туралы білім беру;

19.10.2021 жылы Қыз балалар арасында «Арыңды сақта, бойжеткен» тақырыбында жиналыс өткізілді

Аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылардың «Тәуекел тобындағы» оқушылармен «Өз өмірім өзіме құнды» тақырыбында дәріс сабақ жүргізілді.

Бітіруші сынып оқушыларына «ҰБТ –ға дайындық кезіндегі қобалжудың алдын алу» тақырыбында дәріс сабақ жүргізілді.

-Психологиялық кеңес беру бағыты бойынша «Сенім жәшігіне» түскен өтініштермен жұмыс жасалып, тиісті адамдарға психологиялық қолдау көрсетіліп, кеңес беру жұмыстары атқарылды.

«Сенім жәшігіне» түскен 2 хатпен жұмыс жасалды. Сабақтарға еніп оқушылардың көңіл күйлеріне бақылау жұмыстары жасалынды. Тоқсан аяқталуына байланысты 30.10.2021 күні ата-аналар жиналысында «Тәрбие бастауы – отбасы» тақырыбында 3 сынып ата-аналарына баяндама оқылып, ата-аналардан сауалнамалар алынып жеке кеңестер берілді.

**Ата-аналармен ағарту жұмысы
барысында**



Психологиялық түзету-дамыту бағыты бойынша 1-ші сынып оқушыларының бейімделу кезеңін жеңу үшін дамыту сабақтарынан көрініс



1-ші сынып оқушыларымен диагностикалық бағыт бойынша жұмыстардан көрініс



9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру, «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» жүргізу барыс



Мектеп ұжымындағы ұстаздардан «Өзіңіздің кәсіби қызметіңізді ұнатасыз ба?» сауалнамасын жүргізу үстінде



1-ші сынып жетекшілерімен «1-ші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» тақырыбындағы ағарту жұмысы барысынан көрініс



Қыз балалар арасында «Арынды сақта –бойжеткен» тақырыбында қыздар жиналысын жүргізу барысында




Бітіруші сынып оқушыларына «ҰБТ-ға дайындық кезіндегі қобалжудың алдын алу» тақырыбында ағарту жұмысын жасау барысында



Қараша айы.

- **Қолданылған әдістер:** «Темперамент ерекшеліктерін анықтауға арналған жоспар бойынша байқау» әдістемесі және Айзенк тесті.
- **Мақсаты:** баланың темпераментін және эмоционалдық тұрақтылығын анықтау.
- **Шыққан көрсеткіштері, қорытындысы:**
-

	Сынып Темпера- мент типі	5сынып тар 94 оқушы	6сынып тар 78 оқушы	7сынып тар 89 оқушы	8сынып тар 88 оқушы	9сынып тар 72 оқушы	10 сынып тар 62 оқушы	11 сынып тар 59 оқушы
1	Холерик	15,4%	12,9 %	20%	17,5%	9,8%	17,3%	13,5%
2	Санвиник	25,3%	28,8%	35,8%	37,6%	53,5%	45,5%	38,9%
3	Флегматик	48,5%	46,3%	40,3%	29,9%	28%	23,9%	23,7%
4	Меланхо лик	11,8%	12%	3,9%	15%	8,7%	13,3%	23,7%



Қорытынды: Диагностикалық зерттеу нәтижесінде сыныптар бойынша флегматик типіне жататын оқушылар көп екендігі байқалды, Холерик және меланхолик типіне жататын оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілу керек екендігі ескерілді.

Ұсыныс: Сынып жетекшілер оқушылардың бір бірімен қарым –қатынас жасау барысында, түрлі іс шаралар жүргізу барысында мінез ерекшеліктеріне мән беру керектігі ескерілді.

Психологиялық түзету-дамыту бағыты бойынша 1-ші сынып оқушыларының ата-аналарына «Балада агрессияның көрінуі» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді. **Мақсаты:** балада агрессивті мінездің пайда болу себептерін ашып көрсету.

-Психопрофилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында 26.11.2021 күні жоғарғы сынып қыздарымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды, баяндама оқылды.

«Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында 23.11.2021 күні 8,9,10,11 сынып жетекшілері мен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, баяндама оқылды. Сынып жетекшілерімен бірлесе «Тәуекел тобына» жататын оқушылармен жұмыс жасалынды. «Сенім жәшігіне» түскен 8 хатпен жұмыс жасалды. Үйде оқитын оқушыларға психологиялық қолдау көрсету бағытында жұмыстар жасалды.«Бүгінгі жас маман- ертеңгі ел тірегі» тақырыбында жас мамандармен тренинг сабақ жүргізілді.

Психологиялық түзету-дамыту бағыты бойынша 1-ші сынып оқушыларының ата-аналарына «Балада агрессияның көрінуі» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілу барысынан көрініс




Қыз балалар арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбындағы іс- шара барысынан көрініс



«Тәуекел тобындағы» оқушылармен жұмыс жасау барысында



Үйде оқитын оқушыларға психологиялық қолдау көрсету барысынан көрініс



**«Бүгінгі жас маман- ертеңгі ел тірегі» тақырыбында жас мамандармен
тренинг сабақ жүргізілу үстінде**



Жеміксан айы.
Сұпаныс бойынша 5-11 сынып оқушыларымен социометрия әдістемесі жүргізілді.

- Қолданылған әдістеме: Социометрия әдісі.

- Мақсаты: Сыныптағы психологиялық ахуалды анықтау, бір-бірімен эмоционалдық байланысын және татулығын өлшеу.

- Шыққан көрсеткіштер, қорытындысы:

к/с	Сыныптар	Көрсеткіштер			
		Жұлдыздар	Қалаулылар	Қалаусыздар	Шектеулілер
1	5 «А»	17,4%	39,1 %	39,1 %	4,4%
2	5 «Ә»	3.6 %	46,4 %	39,3 %	10,7%
3	5 «Б»	16 %	36 %	40%	8%
4	5 «В»	26,1%	52,1%	21,8%	-
5	6 «А»	4.5 %	45,5 %	41%	9%
6	6 «Ә»	17.9 %	28,6 %	42,8%	10,7%
7	6 «Б»	4.4 %	52,1 %	34,7%	8,8%
8	6 «В»	21,4%	25 %	46,5%	7,1%
9	7 «А»	13,6%	41 %	36,4%	9%
10	7 «Ә»	13,6%	6,4 %	41%	9%
11	7 «Б»	11.7 %	41,2 %	41,2%	5,9%

12	7 «В»	3,6 %	32,1 %	64,3%	-
13	8 «А»	22,7 %	36,4 %	36,4%	4,5%
14	8 «Ә»	13,3%	46,7 %	33,3%	6,7%
15	8 «Б»	14,3%	42,9 %	35,7%	7,1%
16	8 «В»	15.4 %	53,8 %	27%	3,8%
17	9 «А»	26,1%	52,1%	21,8%	-
18	9 «Ә»	13,04%	21,8 %	56,5%	8,8%
19	9 «Б»	3,6 %	32,1 %	64,3%	-
20	10 «А»	10,3 %	41,4 %	31%	17,3%
21	10 «Ә»	21,4%	25 %	46,5%	7,1%
22	10 «Б»	4.4 %	52,1 %	34,7%	8,8%
23	11 «А»	8,8 %	30,4 %	43,4%	17,4%
24	11 «Ә»	16 %	56 %	20%	8%
25	11 «Б»	26,1%	52,1%	21,8%	-

Тест нәтижесін қорытындылайтын болсақ 5-ші сыныптардың ұжымшылдығы жоғары, бірақ ұл балалар мен қыз балалардың арасында қарым-қатынас жасау төмен. 6-шы сыныптар арасында ұжымшылдық біршама жақсы қалыптасқан. Бұларда да қыздар мен ұлдар арасында ұжымшылдық жоқ. 7-ші сыныптарда ұжымшылдық жақсы, сыныптар бір-бірімен жақсы түсіністікте. Бір –бірінің ой-пікірлерімен бөлісіп, әлеуметтік нормаларға бағынатындығы байқалды. 8-ші сынып оқушылардың ұжымшылдығы орта. 9-а» сынып оқушылар арасында ұжымшылдық төмен. Ұлдар мен қыздар арасында қарым-қатынас шектеулі, оқушылар бір-біріне бағынбайды, сыныпта лидер жоқ. 9 «ә» сыныптардың ауызбіршілігі біршама жақсы. 10-11 сынып оқушыларының қарым-қатынасы жақсы.

Ұсыныс: психологиялық ахуалы нашар болған сыныптардың сынып жетекшілеріне оқшауланып қалған балалармен жеке сөйлесіп, әңгімелесіп жұлдыздар қатарына қосуға ұсыныс жасалды. Бітіруші сынып оқушыларына мамандық таңдауға байланысты топтық-жеке кеңестер беріліп, ұсыныстар қарастырылды.

-Психологиялық түзету –дамыту бағыты бойынша бітіруші сынып оқушыларымен 20.12.2021 күні «Менің болашақ мамандығым», «Мамандық-өмір таңдауы» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына тренинг сабағы өтілді. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар арасында туындаған проблемалары бойынша топтық және жеке кеңес берілді. 8 сынып оқушыларымен «Сыныптағы достық атмосфера» тақырыбында тренинг сабағы жүргізілді. Үйде оқитын оқушыларға психологиялық қолдау көрсету бағытында жұмыстар жасалды.

-Психопрофилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша жоспарға сай 5-8 сыныптар арасында және 9-11 сыныптар арасында жас ерекшеліктерін



ескере отыпып зиянды әдеттерге әуес болудың алдын алу, болдырмау мақсатында «Зиянды әдет-қоғамдық дерт» тақырыбында видеороликтер көрсетіліп ағарту жұмыстары жасалды.


«Менің болашақ мамандығым», «Мамандық-өмір таңдауы» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына тренинг сабағынан көрініс





8 сынып оқушыларымен «Сыныптағы достық атмосфера» тақырыбында тренинг сабағы жүргізілді.





Үйде оқитын оқушыларға психологиялық қолдау көрсету барысынан көрініс



Қорытынды:

Әр ай сайын түскен сұранысқа байланысты жұмыстар атқарылды. Ата-ананың, сынып жетекшінің жеке өтініші бойынша 68 оқушымен жұмыс жасалды. Сенім телефоны және сенім жәшігіне түскен 12 ұсыныс шағымдар тіркеліп, жұмыстар атқарылды.

Ата анаға, балаларына қарым-қатынасын өзгертуге кеңес берілді; балаға еркін әрекет жасауға, шектен тыс қамқор болуды қысқарту. Баласына үлгі өнеге болуға тырысу, өз қорқынышын балаға бермеу, оның қорыққаны үшін реніш білдірмеу, сынамау, қорқыныштан тек сырттай қорғап емес, оның себебін тауып көмектесуге ұмтылу қажеттігі жайлы жан-жақты кеңестер беріліп, ұсыныстар айтылды.

Қорқыныш сезімін болдырмау үшін, алдын-алу үшін жанұяда жағымды ахуал тудырып, жақындармен кездесіп, күйзелістен арылуға, көңіл күймен тонус көтеретін орындарға баламен бірге баруға болатыны айтылды.

Педагог пен сынып жетекшілерге баланың орнықты психикалық қалпын сақтау кейбір баланың осындай проблемаға бейім екенін олардың тұлғалық проблемалар қорқынышы күйзеліске бейімділігін ескеру керек екендігі айтылып, кеңестер берілді. Бұлар баланың бірқалыпты әрекетпен айналысуына қарым-қатынас жасауына кесел келтіріп, қиындыққа алып келуі мүмкін. Жалпы қорқақ күйзеліске бейім балалар педагогтың ерекше назарын қажет етеді. Балаға сенім үміт арту бірқалыпты жәй дауыспен сөйлеу өте артық қамқорлық көрсетуден босату, ұжымдық жұмыстарға баланы белсенді араластыруда қорқыныштан арылтады деп т.с.с. сұраныс бойынша мұғалімдерге кеңестер берілді.

Жеке кеңестер оқушылардың сұранысы бойынша берілді. Айтылған мәселе бойынша психологиялық жұмыстар өткізіліп, оқушылардың өзіне деген сенімділігі жоғары екенін әрі күйзелістегі сезімдерінен арылғаны жайлы бөлісті. Үйде оқытылатын мүмкіндігі шектеулі оқушымен айына бір рет коррекциялық сабақтар өткізілді.